



almatysu@mail.ru
 №6.08.2023 жыл
 almatysu.kz

АЛМАТЫ СУ

Алматы қаласы Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны



ЕҢБЕК СІҢІРГЕН
 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ
 ЕРЕКШЕ МАРАПАТҚА
 ИЕ БОЛДЫ

2



МКР «АКЖАР» В
 АЛМАТЫ ПОЛУЧАТ
 ПИТЬЕВУЮ ВОДУ

3



*Диспетчерлік
 басқару*

4



КӘРІЗ ЖЕЛІЛЕРІН
 ТАЗАЛАУДЫҢ
 ЗАМАНАУИ
 ЖОЛЫ

9



ЕҢБЕК СІЦІРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ ЕРЕКШЕ МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ

Конституция – әрбір мемлекеттің ең басты заңы. Тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын. Алайда ол ескі әкімшіл-әміршіл ережелерге сүйенгендіктен, қоғам талабына сай келмеді. Сол себепті араға екі жыл салып, 1995 жылы 30 тамызда жалпы-халықтық референдум негізінде елімізде жаңа Конституция қабылданды.

Мемлекетіміздің Конституция күніне еліміз бен мекеме алдында еңбек сіңірген қызметкерлеріміз ерекше марапатқа ие болды. Кәсіпорынның Кәсіподақ тарапынан сыйақы мен алғыс хаттармен марапатталды. Тоқ-болатов Бөкен Сембайұлы, су көздері департаментінде солтүстік учаскесінде қызмет етеді.

Курочкин Михаил Иванович, су бұру департаментінің кәріз сорғы станциясының қызметкері.



Волохов Валерий Иванович, су көздері департаментінің электро-цех қызметкері.

Нығыманов Дәурен Декабрулы, су бұру департаментінің кәріз сорғы станциясының қызметкері.

Прокудин Леонид Дмитриевич, көлік және арнайы техникалар департаментінде қызмет етеді.

Ахметов Нұрлан Махамет-

ұлы, көлік және арнайы техникалар департаментінде қызмет етеді.

Хмаренков Вячеслав Валерьевич, су желілері департаментінің қызметкері.

Ердембеков Серік Қаршығанұлы, су бұру департаментінің Аэрация станциясының маманы.

Барлық марапатқа ие болған әріптестерімізді құттықтаймыз.

КОНСТИТУЦИЯ НЕ ЖАЙЛЫ

Қазіргі Ата заңымыз 9 тараудан және 99 баптан тұрады. Конституцияның өзі мына сөздермен басталады:

"Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз".

Ата заңның 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені айтылған.

Конституцияға сәйкес, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

Қазақстанда билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.

Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да **табиғи ресурстар халыққа тиесілі.** Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.

Қазақстанда **мемлекеттік тіл – қазақ тілі.** Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Қазақстан халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, **халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады.**

Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

Қазақстан азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыс, митингі мен демонстрация, шеру өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 11, 13-15-баптарында, 16-бабы 1-тармағында, 17-бабында, 19-бабында, 22-бабында, 26-бабы 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.

Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

<https://sputnik.kz/20230824/30-tamyz--konstitutsiya-kuni-qazaqstandyqtar-demalama-37919636.html>

БОЛЕЕ 22 ТЫСЯЧ ЖИТЕЛЕЙ

микрорайона «Акжар» в Алматы получают питьевую воду из нового водопровода

1 августа, в микрорайоне «Акжар» в Алматы был запущен эксплуатацию новый водопровод и насосная станция, которая обеспечит стабильным водоснабжением жителей мкр.Акжар.

Вода по новым трубам уже появилась на сетях Акжара, это лично проинспектировали активисты микрорайона. Для ознакомления с новыми объектами водоснабжения акиматом Наурызбайского района совместно с Управлением энергетики и водоснабжения города Алматы и ГКП «Алматы су» проведен пресс-тур для журналистов с участием актива района.

В настоящий момент завершаются пуско-наладочные работы по включению нового водопровода в технологическую цепочку водоснабжения мегаполиса. Водопровод диаметром 400 мм и протяженностью 3,4 км с резервуарами чистой воды и каскадной насосной станцией соединит сети микрорайона «Акжар» с подземным водозабором города. Весь этот технологический процесс по информации специалистов займет несколько дней.

После выхода объекта на проектную мощность питьевой водой будут обеспечены около 4 тыс. домов микрорайона «Акжар», в котором проживают более 22 тыс. жителей.

Представители СМИ ознакомились с производственным процессом подачи воды в Наурызбайском районе, посети-



ли новую насосную станцию, и подземный водозабор «Премьера».

Отметим, что проблемы с питьевой водой в «Акжаре» существовали до его присоединения в 2014 году в состав Наурызбайского района мегаполиса. Вода в «Акжаре» ежегодно пропадает с апреля по октябрь, а если и появляется, то, по жалобам местных жителей, мутная и грязная. Акжаровцы собирают воду в бочках, научились ее экономить, но ее все-равно не хватает на бытовые нужды. В жаркий период от дефицита воды больше всего страдают дети и пенсионеры, сетуют местные жители.

Данный вопрос жители «Акжара» подняли в ходе встречи с акимом Алматы Ерболатом Досаевым в августе 2022 года, с просьбой наконец решить ситуацию с питьевой водой. «Для решения проблемы обеспечения водоснабжением населения микрорайона «Акжар» в летнее время на период строительства фильтровальной станции «Аксай» мной принято решение о строительстве магистрального водовода с насосными станциями для подачи воды из запасов алматинского месторождения подземных вод», - сообщил аким во время встречи.

Данные сооружения построены за рекордные 5 месяцев.

Назира Тогизбаева, аким Наурызбайского района отметила, что акиматом города выполнен большой объем работы по развитию инженерной инфраструктуры района. В рамках завершения реализации проекта развития системы водоснабжения и канализации микрорайона «Акжар» предусмотрено построить 28,8 км сетей. Всего в Наурызбайском районе уже проложено 130 км водопроводных и 65 км канализационных сетей. До конца 2023 года будет завершено строительство новой фильтровальной станции на реке Каргалы. А до 2025 года планируется закончить строительство аналогичной фильтровальной станции на реке Аксай. Все это позволит обеспечить стабильным водоснабжением 150 тыс. жителей Наурызбайского района.

Талгат Малыбаев, руководитель Управления энергетики и водоснабжения города Алматы, отметил что ввод в эксплуатацию водозаборного сооружения и станции водоподготовки «Каргалы» увеличит подачу воды в мкр. Карагайлы, Каргалы, Курамыс и Таусамалы до 15 тыс. м³/сутки. Строительные работы планируем закончить в этом году. «Ровно год назад город начал строительство водозаборного сооружения и фильтровальной станции на речке Аксай, с суммарной мощностью 22 тыс. м³/сутки. Запуск этих объектов городского водоснабжения в 2025 году снимет проблему дефицита питьевой воды еще в 5-ми жилмассивах Наурызбайского района – в микрорайонах Акжар, Тастыбулак, Таужолы, Таусамалы и Шугыла, но и в 2-х поселках Алматинской области: Жана-Турмыс и Кыргауылды. В целом, это около 100 тыс. человек.

Ежегодно в летний-поливочный период из-за большого разбора воды для нужд разросшихся микрорайонов, малой пропускной способности и технического состояния существующих сетей водопровода, которые были построены без учета технических требований, а также повышения мутности исходной воды в р.Аксай возникают сбои с подачей водоснабжения. Дополнительная подача воды из подземных источников восполнит дефицит воды для мкр.Акжар сказал **Ильяс Казиев, генеральный директор ГКП «Алматы Су».**

В проактивном режиме за дни фактического отсутствия воды, потребителям мкр.Акжар и других микрорайонов Наурызбайского района не имеющих приборы учета воды будет сделан перерасчет по начислениям за воду отметил Ильяс Казиев.





Диспетчерлік басқару

Диспетчерлік басқару қаланың сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жедел басқару құрылымындағы басты сала. Атап айтқанда, сумен жабдықтау және су бұру қызметі ІҚТ, ІҚТ және ІҚТ аудандық пайдалану учаскелерінің жұмысын үйлестіреді. Диспетчерлік қызметті цифрландыру арқылы ақпарат жинау, сондай-ақ аудандық пайдалану учаскелерінің жұмысын бақылау онлайн режимге көшіріліп, жеделдетілді.

Диспетчерлік қызметтегі жұмысшылар тәулік бойы қаланың барлық коммуналдық қызметтерімен өзара байланыста отырады. Диспетчерлік басқарма Алматы қаласының сумен жабдықтау және су бұру желілеріндегі апатты және жоспарлы жұмыстар туралы ақпаратты жинап, өңдеп, жедел анықтама дәптеріне тіркеп отырады.

«Алматы Су» МКК цифрландыру бағдарламасы аясында 2018 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі сумен жабдықтау және су бұру саласындағы барлық жедел ақпаратты электронды форматқа ауыстырды.

Бүгінде барлық аудандық-пайдалану учаскелері электронды журналдағы барша жазбаларын онлайн режимде жүргізеді. Диспетчерлік басқарма деректерді бақылап, жедел анықтамаға енгізеді.

Сыртқы суық сумен жабдықтау және кәріз желілері, судың сапасы, су құбыры колонкалары, өрт гидранттары мен құдықтарға «Алматы Су» МКК жауапты. Су арнасының диспетчерлік бөліміне түрлі сұрақ, мәселелерімен жүгінетін тұрғындар аз емес. Десе де, бұл бөлім көшедегі судың бейберекет ағуы; судан апатты немесе жоспарлы түрде ажырау, төмен қысымның салдарынан судың болмауы; су құбыры колонкаларының жұмысы; судың сапасы, ашық құдықтар сынды мәселеге жауап береді.

Бұған қоса диспетчерлік қызмет өтінімдерді ішкі ақпараттық жүйелер арқылы да қабылдайды. Яғни, бұл – поштаға, әлеуметтік желілерге түсетін өтінімдер.

Сорғылардың жұмыс режимін бақылау, қысым реттегіштерін орнату мен өндірістік процестерді автоматтандыру арқылы желіге тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дәл осындай қысым беріледі.

Деректер орталық диспетчерлік бөлмедегі бейнеқабырғада көрсетіледі. Техникалық ақау орын алған жағдайда туындаған мәселенің жай-жапсарын нақты көрсететін сигнал беріледі. Бұл туындаған мәселені тұтынушылар байқамай тұрып біздің білуімізге септігі мол. Яғни, тұрғындардан қоңырау түспей тұрып ақауды реттеп қоя аламыз.

Диспетчерлік қызмет қызметкерлері үш жағдайда қауырт (шұғыл) жұмыс режиміне көшеді. Бұл – мереке күндері, жоспарлы жұмыс кезеңі және су құбырында ірі апат орын алған кезде.

Мұндай күндері диспетчер орта есеппен тұрғындардан келіп түсетін 500 қоңырауға жауап береді.

МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

ӘР БАЛАҒА
10 000
МЫҢ ТЕҢГЕ



Алматы су кәсіпорнында Жергілікті Кәсіподақ қолдауымен «Мектепке жол» акциясы жыл сайын өткізіледі. Алдыңғы жылдары қызметкерлердің балаларына мектепке қажетті құрал - саймандармен сөмке берілетін. 2023 жылы көпбалалы отбасыларына, мектеп жасындағы 3 балалы отбасына, жалғыз басты аналарға және әкелерге, отбасында балаларында мүгедектігі бар қызметкерлерге әр балаға 10 000 мың

теңге көлемінде көмек беріледі. Балалардың жасы 6-13 жас аралығында болуы шарт. Жұмыскердің қызмет өтілі 3 жылдан кем болмауы қажет. Өтініш жергілікті кәсіподақ мүшелеріне өткізіледі. Көмек алу үшін құрылымдық

бөлім басшысынан өтінішхат (ходатайство), қызметкерден өтініш және балалардың куәлігі қажет. Егер кәсіпорында отбасының екі мүшесі жұмыс істесе, біреуіне ғана беріледі.



ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ

Суық сумен жабдықтау және кәріз қызметтерін тұтынушыларға қашықтан қызмет көрсету үшін көп арналы телефон нөмірі 3-777-444 болатын байланыс орталығы қарастырылған.

Байланыс орталығы тұтынушының жеке жеке шотындағы деректер негізінде суық сумен жабдықтау және кәріз қызметтері үшін тарифтер туралы анықтамалық түсіндірме ақпарат беру,

- жеке жеке шоттар бойынша онлайн түзетулер енгізу,
- дерекқорға су есептегіштерінің көрсеткіштерін алу және енгізу,

- желіге қосылуға өтінімдерді қабылдау арқылы тұтынушыларға қызмет көрсету функцияларын орындайды.

Орталық 2011 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Колл орталықта 12 оператор қызмет етеді. Күнделікті 1500 ға жуық қоңырау қабылданып отырады. Тұтынушылармен кері байланыс құру уақыты кем дегенде 3 минутты құрайды.

Дерматомикоз ауруының алдын-алу шаралары

Дерматомикоз – бұл адамдар мен жан-жануарларда кездесетін микроскопиялық таз ауруы – дерматофитке әкеп соқтыратын жұқпалы індет. Индет ауру адамнан және жануарлардан (мысық, ит, мүйізді мал-жан) жұғады. Ол күнделікті тұрмыста қолданылатын заттар (тарақ, жөке, киім және т.б.) арқылы, ауру адаммен байланыс орнатқанда, үй жануары және қаңғыбас жануарларды күту кезінде жұғуы ықтимал. Адамдар сонымен қатар, көпшілікке қызмет ететін мекемелерге барғанда (сауна, жасанды су қоймасы,



монша, шаштараз, спорт кешендері), жеке гигиенаны сақтамағанда, ауру адамның тарағы, сүлгісі, бас киімдері, аяқ киімі, жөкесі тәрізді жеке заттарын қолдану барысында жұқтырады.

Ауру алдымен терінің бұзылуы (қабыршақтану), тырнақтың сынуы, бастың шаш орналасқан бөлі-

гінің тақырлануы түрінде байқалады. Шаштың түсуі көбіне жас бүлдіршіндерде кездеседі. Адамдар мен жануарлар тікелей қарым қатынаста жұқтыруы мүмкін.

Дерматомикоздың алдын алу үшін:

- Жеке гигиеналық заттарды қолдану керек;

- Қоғамдық орындарға барып келгеннен соң қолыңызды мұқият сабынмен жуу керек;

- Қаңғыбас жануарлардан аулақ жүру керек;

- Үй жануарларын уақытылы мал дәрігеріне көрсетіп, ектіріп тұруды назардан тыс қалдырмау керек;

- Егер айналаңызда микоз ауруымен ауыратындар болса, жеке гигиеналық тазалыққа көңіл бөлу керек.

Мусаева Анель, Алмалы ауданы санитариялық-эпидемиологиялық

ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ (ЖРВИ). ТҰМАУ

Ата аналардың назарына! Тұмау ауруы күзгі қолайсыз ауа райы мен қысқы салқынның ажырамас бөлігі іспетті. Осы кезеңде адамдарда тұмаурату мен жөтел, жалпы әлсіздік пен қызудың көтерілуі байқалады. Тұмау және басқа ЖРВИ (жіті респираторлық вирустық инфекция) несімен қауіпті? Тұмау және басқа да ЖРВИ жоғарғы тыныс жолдары, жүйке жүйесі, құлақ және жоғарғы тыныс органдарының зақымдануымен қауіпті. Асқинулар 3 жасқа дейінгі балалар арасында жиі кездеседі, себебі олардың иммунитеті әлі де жетілмеген және жүйке жүйесі толық қалыптаспаған. Тұмау және басқа ЖРВИ сырқаттану балалар арасында ересек адамдарға қарағанда жыл сайын 4-5 есе жоғары болады. Соның ішінде 5 жасқа дейінгі балалар арасында тұмау және ЖРВИ ауыр ағымда өтіп, асқинулар туындауы мүмкін. Респираторлы ауруларға шалдығу мүмкіндігі мектепке дейінгі балалар мекемесіне және мектепке баратын балалар арасында жоғары, себебі үлкен ұжымдарда инфекция тез таралады.

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі.

Тұмаудың белгілері мыналар - тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады. А, В, С грипп вирусымен түр- түріне бөлінеді. Тұмау ауруы 5-10 күнге дейін созылып қайта өр-

біп асқынып кетуі мүмкін. Асқынған ауру бактериалды инфекциялармен қозып (отит, гайморит) ауруларына айналады.

Тұмау және ЖРВИ алдын алу: баланы вирустан қалай сақтауға болады?

- Вакцинация. Жылына бір рет, күз айларында, барлық жанұя мүшелерінің тұмауға қарсы вакцина алуына кеңес беріледі. Жыл сайын біздің облысымызда ақысыз түрде тұрғындардың неғұрлым әлсіз топ өкілдері: балалар үйінің, сәбилер үйінің тәрбиеленушілері, мектеп – интернат оқушылары, қарттар үйіндегі адамдар, медкызметкерлер егіледі. Сонымен қатар осы жылдың қазан айынан бастап қаланың барлық емханаларында ақылы түрде тұрғындарға вакцинация жасалады;

- Тұмауға қарсы витаминдік профилактика балалар мен ересек адамдардың респираторлық вирустарды жұқтыруына тосқауыл болады. Респираторлық вирустарға қарсы тұруға жеке бас тазалығын

сақтау және белсенді салауатты өмір салты көмектеседі;

- Жоғарғы тыныс жолдарының кілегей қабаты және тері жамылғысының тазалығы (тамақты шаю, мұрын қуысын шаю, қолды жиі сабындап жуу және тұрақты шомылу шаралары);

- Үйдің тазалығын сақтау – қоршаған орта әсерінен тұмау вирусы тез жойылады (тұрақты түрде бөлмелерді желдету және ылғалды тазарту);

- Көкөніс пен жеміс-жидектен тұратын толыққанды байытылған тамақ көздерін пайдалану; Дене шынықтырумен, спортпен айналысу және организмді шынықтыру. Егер бала сырқаттанса — не істеу керек? Ең бастысы - үйде қалыңыз. Осылайша сіз балаңызды аурудың асқинуынан сақтайсыз. Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады.

Дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты, дене тәрбиесімен айналысу – тұмауды және денсаулыққа зиян тигізетін басқа да ауруларды болдырмайды. Өз денсаулықтарыңызды сақтаңыздар!

Алмалы ауданы Алмалы ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы – А. Мусаева

Алмалы ауданы Алмалы ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы – А. Есентаева



Рабочая поездка по инвестиционной программе Предприятия на 2023 - 24 г.

С представителями департамента по регулированию естественных монополий состоялась рабочая поездка по инвестиционной программе Предприятия на 2023-24 гг. Во время объезда были осмотрены объекты где проводится реконструкция инженерных сетей. Проекты по ул. Бузурбаева и мкр. Калкаман.

Предприятие эксплуатирует 3607 км водопроводных и 1926 км канализационных сетей. Износ водопроводных сетей по городу Алматы в настоящее время составляет 56,4%, соответственно 1943 км водопроводных сетей требуют замены. Износ канализационных составляет 57,48 %, то есть более 1000 км нуждаются в реконструкции. В рамках мероприятий по реконструкции инженерных сетей за счет собственных средств Предприятия в текущем году планируется заменить 43,9 км изношенных сетей водопровода и 2,7 км сетей канализации. 33 объекта водопроводных сетей и 4 объекта канализации. Все работы проводятся согласно графика к 27 сентября завершены на 100 % ул. Мирная, Чайковского 37, Сатпаева 5а, по 3 объектам проводятся работы по благоустройству, по 20 объектам ведутся строительные -монтажные ра-



боты, срок завершения декабрь месяц. Остальные территории будут осуществляться по мере завершения строительства. В период производства работ водоснабжение осуществляется бесперебойно, движение транспорта не ограничивается. В процессе реконструкции возможные частичные временные перекрытия небольших участков улиц на определенное время

(ночное) только при необходимости перехода через улицы, которые не влияют на трафик движения.

Благодаря реализации этих проектов десятки тысяч жителей города будут обеспечены качественной и бесперебойной подачей питьевой воды и получат возможность подключиться к центральному водопроводу и канализации.






ӨЗІМІЗ ЖОЛДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕМІЗ

2022 жылдан бастап күрделі құрылыс департаменті жолды қалпына келтіру жұмыстарын қолға алды. Ендігі кезекте апаттық жағдайлардан кейін жолды қалпына келтіру жұмыстарын осы департамент қызметкерлері де жүзеге асырады. Қазіргі кезге дейін 6000 квадрат метр асфальт салу жұмыстары жүргізілді, жылдың соңына дейін 9000 квадрат метрге жеткізу жоспарланған. Барлық жұмыстар техникалық талаптарға сәйкес сапалы түрде

жүргізіліп келеді. «Бір мекен жай бойынша жолды қалпына келтіру үшін ең алдымен әрине ауа райы қолайлы болуы қажет, техникалық талаптар жолды қалпына келтіру жұмыстары бір күндік жұмыс емес. Дегенмен барлығы сапалы болу үшін, тұтынушыларға кедергі келтірілмейтіндей барлық жағдайлар жасалады» деп атап өтті Бауыржан Амангелдыұлы күрделі құрылыс департаменті, апаттық қалпына келтіру жұмыстарының басқарма жетекшісі.



КӘРІЗ ЖЕЛІЛЕРІН ТАЗАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ЖОЛЫ

"Алматы Су" МКК кәріз тосқауылдарын жою бойынша заманауи техниканың көмегі оразан зор.

Кез-келген мегаполистің басты мәселелерінің бірі-кәріз коллекторларының бітелуі және қаланың экологиялық ортасының бұзылуы.

Кәріз құбырларының толып кетуі желілердің функционалдығының төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар өкінішке орай, кәрізге қокыс тастауды әдетке айналдырған "немқұрайлы" тұрғындар да бар.

Бұл техника гидродинамикалық принцип бойынша үлкен диаметрлі кәріз құбырларын тазартуға арналған, онда құбырлардың ішкі қабырғаларындағы барлық ластаушы заттар судың жоғары қысымы есебінен жойылады. Бұл әдіс экологиялық және қауіпсіз. Өйткені, ол механикалық әсер ету арқылы құбырлардың зақымдану қаупін жояды және химиялық заттарды қолдануды қажет етпейді.

Сонымен қатар, желілерді механикаландырылған тазалау енді құдыққа түсіп, бітелуді қолмен жояудың қажет етпейді. Демек, қызметкерлердің денсаулығына қауіп төндірмейді.



Біріктірілген аралас құрылғы, илосос және жуу машинасының қызметін атқарады. Заманауи техника желілердегі жұмыс уақытын оңтайландыруға, бітелулерді тезірек жоюға, профилактикалық жууға мүмкіндік береді, бұл, сайып келгенде, халыққа су бұру бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырады.

Алматы су көлік басқармасында қалалық жағдайда жұмыс істеуге

және аула кәріз желілерін тазалауға мүмкіндік беретін ұқсас машиналар бар.

Алматы қаласындағы кәріз желілерінің жалпы ұзындығы 2900 км-ден асады. жаңа техниканың арқасында профилактикалық тазалаудан өткен құбырлардың ұзындығы екі есе артады. 2023 жылдың өзінде 62 903,462 шақырымға дейін желі тазаланады.



ДОРОГИЕ НАШИ СОБРАТЬЯ!

От всей души поздравляю со знаменательной датой в вашей жизни!

Нелегкий путь, пройденный вами с коллективом Алматы су, - это яркий пример непрерывной и добросовестной работы на благо всего предприятия.

Неоценим вклад каждого из вас в сложнейшие и энергоёмкие процессы добычи, очистки и реализации воды, доставки её потребителю. Это действительно тернистый путь, где есть огромная заслуга всех сотрудников.

Как известно, Алматы су продолжает быстро развиваться, успешно реализовывая инновационные проекты, тем самым модернизируя водопроводоканализационное хозяйство всего города. Сегодня мы - стабильное, передовое предприятие. Впереди нас ждут годы упорного труда в решении поставленных задач. Главная из них - обеспечение города бесперебойным, качественным водоснабжением и водоотведением.

Крепкого вам здоровья, семейного благополучия и успехов во всем!

Спасибо, что вы с нами!

*С искренними пожеланиями
Казиев Ильяс Асанович*

Жанбагисова Алия Кайролдановна

Идиятов Ибайдулла Яхияевич

Рахымбаев Кайса Аблезович

Орехова Ольга Ивановна

Батаргалиева Асембала Кадыровна

Веселова Ирина Владимировна

Машимбаева Сауле Кусаиновна

Назарбекова Бибигуль Бигазиевна

Ахмадов Магамед Асетович

Куанышов Талгат Басарович

Куренов Салават Бахытович

Абдимамбетова Маржанкуль Тастыбаевна

Костенко Ольга Владимировна

Мыктыбаева Дамира Муратовна

Баймухаметов Рашид Алмасович

Сагинаев Амиржан Рахимжанович



ЦОП Орталык:

1. Оператор Алимбекова Н!
Профессиональная ,четкая
работа!

Просим выдать премию!
Сыдыкова Куляш .

2. Выражаю свою
благодарность оператору
Назире,окно №4,за грамотное,
вежливое обслуживание.
Дичакаева 28.08.2023г

3. Примите искренние
поздравления за организацию
работы операторов.Был
приятно удивлен порядком и
оперативностью работы ваших
операторов.Особая благодарность
оператору Назире (окно) за очень



внимательный подход к моим
проблемам !!!

18.09.2023 г.

4. 20 сентября сегодня
мы были на приеме по воде

окно № 03 Караулова Майра.
Приветливая,грамотная.Объявляем
благодарность обратите внимание
на такую сотрудницу ,очень желаем
здоровья ,счастья и чтобы у Вас
такие операторы .

Донин В.В

5. Полностью поддерживаю и
прошу поощрить Караулову Майру
работающую окно №3

Объявить ей благодарность
за чуткое и внимательное
обращение с клиентами.
Пелихосова Г.Д.

6. 20.09.2023 г.Большое
спасибо за обслуживание
быстро,четко ,вежлива - окно №3,
объявите Благодарность !!!

Кисапов Максут !



ЦОП Батыс
15.08.2023

Я Жарылкасын представитель
ГУ РЦ МЗ РК. Выражаю свою при-
знательность и благодарность всему
коллективу ЦОП «Батыс». В частно-
сти, оператору консультанту Ере-
жеповой Бибигуль Абдысадыковне
за качественное оказание услуги,
вежливом обращении, вниматель-
ности. Большое спасибо!!!

87009658841



13.09.2023 г

От жителя Ауезовского района по адресу ул. Навои
7 кв. 182. Спасибо за обслуживание оператором и
лично Уразалиной Эльмире за быстрое оперативное
обслуживание.

С уважением инвалид 2 группы Аймурзаев
Нургали Есбосынович. 87017426316

РОБОЧИЕ БУДНИ

